

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 16 шілде N 1815. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасы алатын немесе кепілдік беретін шетелдік кредиттерді тарту, жұмсау, оларға қызмет көрсету және өтеу процестерін мемлекеттік реттеуді күшейту мақсатында және отандық өнім экспортын дамытуды ынталандыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі /Қазақстан Эксимбанкі/ құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі: мемлекеттік қаржы және кредит институты болып табылады және кредит ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету және ол қаржыландыратын жобалардың жүзеге асырылуы үшін жауап береді;

Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан және соның тапсыруы бойынша қол қойылған кредит келісімдерінен туындайтын барлық халықаралық міндеттемелер бойынша Қазақстан Әлем банкінің құқылы мұрагері болып табылады деп белгіленсін. <*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда берілген - ҚР Президентінің 1995 ж. 19 қаңтардағы N 2035 Жарлығына сәйкес.

3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің негізгі функциялары болып мыналар белгіленсін:

- Қазақстан Республикасы алатын және кепілдік беретін шетелдік кредиттерді Қазақстан Республикасының заемшысы ретінде тарту және агенті ретінде оларға қызмет көрсету;

- Қазақстан кәсіпорындарына құрылымдық реформаларды жүргізу және импортты алмастыратын өндірістерді дамыту үшін қажетті технологияларды, жабдықтар мен өнімді импорттауды ынталандыру үшін кредиттер беру;

- даяр бұйымдарды және экспорттың Қазақстан үшін дәстүрлі болып табылмайтын басқа да номенклатурасын экспорттаушыларға кредиттер беру;

- қазақстан банкілері беретін экспорттық кредиттер тәуекелін сақтандыру /кепілдік беру/;

- импортты қысқартуды немесе экспорты ұлғайтуды қамтамасыз ететін өндірісті дамыту мақсатында кәсіпорындар мен жобаларды қысқа мерзімге қаржыландыру;

< * >

- шетелдік компанияларды тарта отырып жобалардың сараптамасын ұйымдастыру және жүргізу, жобаларды шетелдік кредиттер есебінен қаржыландыру үшін зерделеу және іріктеп алу;
- мамандандырылған халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделеріне өкілдік ету;

Ескерту. 3-ші тармақтың алтыншы абзацынан сөздер алынып тасталды - ҚР Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 Жарлығымен.
(4 - т а р м а қ) < * > .

Ескерту. 4-ші тармақтың күші жойылды - ҚР Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 Жарлығымен.

5. Қазақстан Республикасы мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің жарғылық қоры мен шетелдік кредиттерге қызмет көрсету жөніндегі резервтік қорды мынадай көздер :

- Қазақстан Әлем Банкінің өз капиталындағы мемлекет үлесі;
- 1995 жылдан бастап республикалық бюджет қаражаты;
- өз қызметінен түскен пайда есебінен құру қажет деп танылсын.

6. Қазақстан Республикасының министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі, Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Әлем Банкі өкілдерінің қатысуымен мынадай қырлары бойынша құжаттар жобаларын жасап шығару үшін комиссия құрсын:

а/ жаңадан құрылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне берілетін Қазақстан Әлем Банкінің активтері мен пассивтерін бөлу;

б/ Қазақстан Әлем Банкінің өз капиталындағы мемлекет үлесінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне кезең-кезеңмен берілуі туралы Қазақстан Әлем Банкі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі арасындағы келісімді даярлау;

в/ Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі жарғысының жобасын әзірлеу;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкінің құрылтай құжаттарын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тіркеуге енгізісін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп Қазақстан Әлем Банкі арқылы берілген шетелдік кредиттерде іс-қимыл жасаушы шетел кредиторлары мен сақтандырушыларын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт

банкiнiң құрылғаны туралы хабардар етiп, олармен 1994 жылғы 1 қарашаға дейiнгi мерзiмде кредиттiк келiсiмдердi Қазақстан Республикасының мемлекеттiк Экспорт-импорт банкiне қайта ресiмдеу процедуралары туралы келiссөздер жүргiзетiн болсын.

8. Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгi бiр ай мерзiмде Қазақстан Республикасының Президентi мен Министрлер Кабинетiнiң шешiмдерiн осы Жарлықпен сәйкестiкке келтiру туралы ұсыныстар енгiзетiн болсын.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттiк мүлiк жөнiндегi мемлекеттiк комитетi Қазақстан Республикасы мемлекеттiк Экспорт-импорт банкiнiң аппаратын орналастыру үшiн Алматы қаласында үй-жай бөлетiн болсын.

10. Осы Жарлық жарияланған күнiнен бастап күшiне енедi.

*Қазақстан Республикасының
Президентi*